

№26 С.Датов атындағы орта мектебі

Хаттама №7

Ауа-райының қолайсыздығына байланысты онлайн оқыту кезіндегі күндерге білім алушылардың тамақтандыруын ұйымдастыру

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері және Зум программасы арқылы ата-аналар қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Ауа-райының қолайсыздығына байланысты онлайн оқыту кезіндегі күндерге білім алушылардың тамақтандырылуы.
2. Жыл сайынғы өткізілетін дәстүрлі Президенттік шыршаға қатысатын оқушыны нақтылау.

1. Мектеп басшысы А.Абугалиев жиынды өзі бастап ашып сөз алды. Ол ағымдағы мәселелер бойынша таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе, Ауа-райының қолайсыздығына байланысты Онлайн оқыту кезіндегі күндеріне білім алушылардың тамақтандырылуы. 11.12.2023ж, 1-ші ауысым, 12.12.2023ж, 2-ші ауысымда. Желтоқсанның 13,14-і күні сабақ толықтай онлайн өтуіне байланысты, ЖК «Мырзахметова» кәсіпкермен келісілген форс-мажорлық жағдайда қарастырылуына байланысты, Бастауыш сыныптарға 1-4 сынып (564 оқушыға) және аз қамтылған (54 оқушыға) Онлайн болған күндеріне (3 күн), құрғақ тағамдармен (жеміс- жидек) таратуға ұсыныс тастады. Қазіргі таңда ыссы тамақ бір балаға 600 теңге көлемінде беріледі екен, сол көлемде тең етіп құрғақ тағамдар (жеміс- жидек) берілсе қалай қарайсыздар деген ұсыныс тастады.

Сөз кезегін «Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы: Анаргүл Мұқанова жалғастырды.

Ол өз сөзінде, - айтып жатқан ұсыныстарыңыз орынды, егер де қала мектептері өзара түгелдей, Онлайн болған 3 күнге, бір балаға шаққанда 600 теңге көлемінде құрғақ тағамдармен (алма, банан, мандарин) қамтамасыз етуге келісіп жатса, онда бізде келісеміз деп бір ауыздан келісетіндерін айтып өтті. Анаргүл ханымды сол жерде отырған қамқоршылық мүшелері де құптады. Зум да көріп отырған әріптестері де қолдайтынын білдірді.

2. Екінші мәселе бойынша Әлеуметтік педагог А.Құлжабаева өз ұсынысын білдірді.

Жыл сайынғы Президенттік шыршаға және Қала әкімінің шыршасына қатысатын оқушылардың санаты жетім, жартылай жетім, көп балалы, толық емес отбасынан, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларынан шыққан білім алушыларды қарастыруымыз керектігін айтып өтті. Соның ішінде Қамқоршылықтағы білім алушымыздың жас ерекшелігі сәйкес келмегендіктен, Атаулы Әлеуметтік Көмек алатын 5 отбасының ішінен, жағдайы өте төмен, алты баласы бар отбасынан шыққан Айболатқызы Кәусар 5 «в» сынып Президенттік шыршаға, және Көп балалы аз қамтылған тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан Альжан Әдеміні 3 «а» сынып білім алушысын Әкім шыршасына ұсынатынын айтып өтті.











Сөз кезегін «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі Асылай Сарсенова өз ойын білдіріп, бұл таңдауға өз ойларын ортаға салып талқылап, Кеңес мүшелері болып кеңесті. А.Сарсенова: Негізі бұл санатқа жататын жетім қамқоршылықтағы, жартылай жетім отбасынан шыққан білім алушыларымыздың жасы сай келмейтінін ескеріп, осы Атаулы Әлеуметтік Көмек алатын отбасынан шыққан балаларға беруіміз керектігін айтты. Президенттік шыршаға АӘК алатын отбасынан шыққан оқушы, Айболатқызы Кәусарға, әкім шыршасына көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан Альжан Әдеміге берілсін деп шешті.

Қаулы:

1. Құрғақ тағамдардың яғни (алма, банан, мандарин) 1-4 сынып білім алушыларына және «Жалпыға бірдей білім заңына сәйкес» мектепшілік тізімдегі санат бойынша 5-11 сынып білім алушыларына жеткілікті түрде ұйымдастыру.
2. 24- желтоқсан, сағ: 9.00 -де Абай орталығында өтетін Президенттік шыршаға, 12.00 де өтетін Қала әкімінің шыршасына мектебіміздің білім алушыларын уақытылы қатыстырылуын, әлеуметтік педагог А.Құлжабаеваға міндеттелсін.

Мектеп директоры:
Директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары:
Бас есепші:
Педагог-психолог:
«Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы:
«Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі:

Әлеуметтік педагог:

 А.Абугалиев
 А.Мурзағалиева
 Қ. Мухатчиева
 М. Хайдарова
 А.Муканова
 А.Сарсенова
 І.Галимова
 А.Есенғалиева
 А.Хабибуллина
 А.Құлжабаева